

# *XX ғасырдағы Батыс философиясы*

*Қабылдаған: Оңалбайқызы Рая  
Орындаған: Жұмаділлаева Айгерім  
Тобы: ЖМ-008*

# *Жоспар:*

- 1 XX ғасырдағы батыс философиясының қалыптасуы.*
- 2 Позитивизм бағыты және оның тарихи даму кезеңдері.*
- 3 Прагматизм бағыты.*
- 4 Неотомизм және персонализм бағыттары.*
- 5 XX ғасырдағы постмодерн ағымы.*
- 6 Структурализмнің негізгі идеялары.*
- 7 Экзистенциализм бағыты мен негізін салған Батыс ойшылдары.*
- 8 Персонализм бағыты.*

**Батыс философиясы үшін ХІХ-ғасырдың соңы мен ХХ-ғасыр дәуірдің өзіндік санасы айқын көрініс тапқан және тарих пен мәдениет дамуының логикасы бұрынғыдан өзгеше түсіндірілген неше түрлі бағыттарға толы ерекше кезең болды.**

**ХІХ-ғасырдың соңынан бастап Батыс философиясында философияның жаңа классикалық емес типі қалыптаса бастады және ол ХХ-ғасырда қарқынды дамыды.**

## ***XX-ғасыр философиясының қалыптасуы шарттары туралы айтсақ:***

**1) XX-ғасырда Еуропа басынан кешкен тарихи-әлеуметтік өзгерістер әсіресе бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар қоғам мүшелерінің бойында үрей мен қорқыныш, адамзат пен жеке адамның болашағына деген сенімсіздік туғызды;**

**2) Қоғам дамыған сайын оның өміріндегі қарама-қайшылықтар күшейе түсіп, адамзат пен өркениеттің алдында шешімі қиын, жаңа діни ұлттық, этникалық мәселелер пайда болды, оларды шешуге дәрменсіз қоғамды дағдарыс жайлады;**

**3) Бұл қоғамдық дағдарыс жеке адамның жаттануы мен өгейсінуін туғызды, себебі қоғам тұлғаның ішкі дүниесі мен оны мазалаған мәселелер туралы бас ауыртпады;**

**4) Бұрынғы философиялық жүйе XX-ғасыр адамын толғантқан сұрақтарға жауап беруге қабілетсіз еді, «Жалпы адам дегеніміз не?» деген сұрақпен шектелмей, «Мен кімін?» сауалын қоятын философиялық бағыттарға қажеттілік туды.**

**Позивитизм**

**Персонализм**

**Неотомизм**

**XX ғасыр Батыс  
философиясындағы  
негізгі бағыттар**

**Экзистинциализм**

**Структурализм**

**Постмодернизм**



# *Позитивизм*

**Қазіргі заманғы таным теориясының бағыты.**


**Оның негізін қалаушы – француз философы Огюст Конт (1798-1857). Позитивистердің пікірінше, «болмыс», «материя», «сана» және т.б ұғымдарға, страқтылық ойлауға сүйенетін дәстүрлі философия енді жарамсыз, себебі, тек тәжірибе немесе ғылыми эксперимент арқылы тексерілген позитивті, жағымды білім ғана ақиқат, нақты, жаратылыстану ғылымдарына математикаға жақын философия ғана ақиқат философия.**

***Позитивизм өзі дамуында үш кезеңнен өтті:***


**1) бірінші позитивизм жоғарыда аталған мәселелерді алғашқы болып қойып, философияның міндеті – объективті өмір сүруші материалдық дүние туралы нақты ғылымдар жинаған білімдерді қорыту және жүйелеу деп ымдады. Бұл кезеңнің өкілдері – О.Конт, Г.Спенсер, Дж.Милль.**



О. Конт



Дж. Милль



Г. Спенсер



**2) *махизм*** – дүниені түйсіктер жиынтығы ретінде бейнелеп, философия адам тәжірибесінің сезімдік негізін, психифизиологиялық формаларын сараптауы тиіс деп есептеді, яғни субъективтік идеализмге көбірек бет бұрды. Негізгі өкілі – австриялық физик Э. Мах.

Э. Мах




**3) *неопозитивизм*** – ғылыми теориялардың ақиқаттылығын, салтырмалы құндылығын анықтау тәсілдерін зерттеумен айналысты. Өкілдері: К.Поппер, И.Лакатос, Т.Кун және т.б. Олар ғылыми білімді тексерудің негізгі принциптері ретінде верификация, фальсификация және конвенция принциптерін ұсынды.



К. Поппер



И.  
Лакатос



Т. Кун

# *Постмодернизм*

**Монизм философиясын терістеп, плюрализм философиясын, табиғат пен қоғамдағы көптік, сантүрлілік идеясын жария еткен, қазіргі заманғы мәдениеттің мазмұны, ойлаудың және ізденістің жаңа стилі көрініс тапқан философия. Негізгі өкілдері: орыс философтары Е.П.Блаватская (1831-1891), Д.Л. Андреев (1906-1959), Г.Г.Шпет (18 1940), француз философтары Поль Рикер (1913) және Жак Деррида ( американдық жазушы-философ Карлос Кастанеда (1925).**

## *Постмодернизмнің негізгі тұжырымдары:*

1) **Объективтілік реалдылық көпөлшемді, оның мәні мен формаларының арасындағы байланыс-қатынастарының сипаты сан түрлі қасиеттерге ие. Объективтік реалдылық идеалдық немесе материалдық қана емес, сонымен қатар мистикалық, эзотерикалық бола алады. Дүние ұйымдастырылған ғана емес, ретсіз, хаостық сипатқа да ие.**

2) **Онтологиялық плюрализм мен гносеологиялық плюрализм бірлігі. Мәдени өмірдің салаларының арасындағы шекаралар жойы керек, таным теориясындағы бірін-бірі толықтырушылық, көптәсі көзқарастардың әр түрлілігі дінде де орын алуы тиіс.**

3) **Адамдардың араласуындағы монологиялық текст-мәтіндердің орнын сұхбаттасу, үйренушілер мен үйретушілердің бір-біріне өзара әсері, оқыту процесін белсенді ететін әр түрлі тәсілдердің көптігі басуы тиіс.**


# *Постмодернизмнің негізгі өкілдері:*



**Поль Рикер**



**Карлос Кастанеда (1925).**



**Жак Деррида**

# *Постмодернизмнің негізгі өкілдері:*



**Г.Г.Шпет**  
**(18 1940)**



**Е.П.Блаватская**  
**(1831-1891)**



**Д.Л.Андреев**  
**(1906-1959)**


# Неотомизм

XX-ғасырдағы философиялық ағымдардың тағы бірі – **неотомизм**, немесе жаңа томизм – католик шіркеуінің философиясы, қазіргі заманғы діни философиялық ағымдардың арасындағы Батыс Европада ғана емес, бүкіл әлемге ең танымалы және беделдісі. Неотомизм орта ғасырың діни философы Томас Аквинскийдің іліміне негізделген. Сенім мен ақылдың, дін мен ғылымның үндестігін жария еткен бұл ілім шіркеуді қорғау үшін аса қолайлы болғандықтан, папа Лев 13-ші 1879 жылы оны ристиандық католиктік діннің негізгі қағидаларын философиялық тұрғыдан дұрыс түсіндіруші бірден бір философия деп тұжырымдады. Негізгі өкілдері: Э. Жильсон, Ж.Маритен, П.Тейяр де Шарден.

**Неотомизмнің басты қағидасы – сенім мен ақыл-ойдың, ғылым мен діннің гармониясы. Бұл ағымның өкілдерінің пікірінше, ақиқат философия рационализм мен иррационализмді қарсы қоюдан бас тартып, дүниені түсінудің әр түрлі тәсілдерін біріктіріп, универсалды мүмкіндіктерге шылуы қажет. Бірақ неотомистер құдайдан туындайтын сенімді жоғарырақ қояды.**

**Қазіргі заманғы неотомизм антропологиялық сипатқа ие, яғни адамға бағытталған. Құдайдың жаратушылық функциясы неотомизмде шектелген, ол адамды жаратушы болғанмен, өзін жүзеге асырушы. проектіден ішкі дүниесі, микрокосмы бай нақты тұлғаға айналдырушы, құдайдың ісін аяқтаушы еркін, өзін-өзі жетілдірген, құдай жаратқан космостың кішкене үлгісі адамның өзі.**

# *Неотомизмнің негізгі өкілдері:*



**П.Тейяр де Шарден**



**Э.Жильсон**



**Ж.Маритен**



# *Структурализм*


**XX-ғасырдың 60-жылдары Францияда қалыптасқан. лингвистика ғылымымен тығыз байланысты, өзінің негізгі философиялық-методологиялық міндетін адамның рухани-мәдени қызметінің игілі бір тарихи кезеңдер үшін жалпылық сипатқа ие болатын жемістерін зерттеу, баяндау және түсіндіру деп анықтайтын ағым.**

**Басты өкілдері – К.Леви-Строс, М.Фуко.**

# *Структурализмнің негізгі өкілдері:*



**К.Леви-Строс**



**М.Фуко.**

**Структурализм бағытының 91өкілдерінің түсінігінше, құрылым (структура) объектінің бөліктері мен элементтері жай жиынтығы емес, ол абстракция арқылы ашылатын жасырын қатынастардың жиынтығы. Осы тұрғыдан алғанда структурализм белгіле: жүйесін зерттейтін семиотика ғылымымен тығыз байланысты. Белгілер жүйесін швейцарлық лингвист Ф. Соссюр бөліп көрсетіп, негізгі назарды тіл жүйесінің элементтерінің өзара әсер етуіне аударған болатын. К.Леви-Строс осы методты қолдана отырып алғашқы қауымдық тайпаларды, некелік-туыстық қатынастарын, рәсім-салттарын, дәстүрлерін, мифтерін тотемизмін зерттеді және олардың қоғамдық институттардың құрылымдары ретінде адамның мінез-құлқына айқындаушы әсер ететінін көрсеті**

**Леви-Стростың философиялық концепциясында бейсаналылықтық құрылымы ерекше орын алады. Оның пікірінше, бейсаналы Фрейд айт қандай энергиялық-биологиялық сипаттағы иррациональдік импульстер емес, керісінше, логикалық, рациональдік мазмұнға ие, белгі жүйелерінің жасырын, бейсаналы механизмі. Леви-Стростың жетістігі ретінде оның мифтерді әлеуметтік құрылымның тұрақтылығының негізі ретінде тереңдеп зерттеуін атауға болады**

# *Экзистенциализм*

**XX ғасырдың орта шенінде Батыста ең кең тараған субъективтік-идеалистік философияның бірінен саналады. Экзистенциализм капитализмнің жалпы дағдарысының идеологиялық бейнеленуінің бір формасы болып табылады.**

**Оның ірі өкілдері М.Хайдеггер (1889-1976), К. Ясперс (1883-1969), Г.Марсель (1889-1973), ЖЛ.Сартр (1905-1980), А.Камю (1913-1960) және басқалар. Экзистенциализм, немесе „өмір сүру философиясы“, буржуазиялық философияның иррационалистік (адамның ақыл-ойының күшін жоққа шығаратын) бағыттарының бірінен саналады.**

**„Экзистенция“ ұғымы (латынша exiāiēpiā — өмір сүру дегенді білдіреді) экзистенциализмде ерекше рөл атқарады, оның барлық философиялық қағидаларының бастапқы негізін тұрады.**


# *Экзистенциализмнің ірі өкілдері:*



**А. Камю (1913-1960)**



**К. Ясперс (1883-1969)**



**М. Хайдеггер (1889-1976)**

**Бірақ экзистенциализмнің бастапқы негізі материяның, заттар дүниесінің өмір сүруі емес, жеке адамның өмір сүруі, оның көңіл күйі, сезімі, ішкі талпынысы, яғни өзінің психикалық сезім құбылыстарының жиынтығы арқылы көрінетін субъекттің өмір сүруі. Міне осыдан философияның міндеті келіп шығады — болмыстың ең жалпы формаларын зерттеу емес, сыртқы дүниенің және танымның мәнін ашу емес, адамның өмір сүруінің мәнін, экзистенцияның шын мәнін ашу.**

**Адам өз болмысының менін түсіну арқылы ғана өзінен тыс сыртқы дүниеде не бар екені жайында пікір айта алады. Субъективтіктің алғашқылығы бұл жерде гносеологиялық түрғыдан ғана емес, сондай-ақ онтологиялық түрғыдан да көрініп тұр. Экзистенциалистер адамның табиғатын ғылыми түрғыдан танып білуді жоққа шығарады, өйткені адам табиғатының ішкі сырын, оның өмір сүруінің мәнін ашу олардың философиясының мақсатына қайшы келеді. тағайындалған төртіпке бой ұсыну пайдалы деп үйретеді экзистенциалистер.**

**Заттарды ғылыми түрғыдан танып білу, деп жазады К.Ясперс, болмысты танып білу емес, ол өмірдің мақсатын ашып көрсете алмайды; ғылым оның шын мәні жайындағы сұраққа жауап бере алмайды. Адамның „шын“ және „жалған“ өмір сүруін бір-бірінен ажырата отырып, „жалған“ өмірге адамның күнделікті тіршілігін, ал „шын“ өмірге оның шындықтағы әлеуметтік қатынастардан тәуелсіз, адамның ішкі табиғатынан туатын ерікті іс-әрекеттерін жатқыза отырып, олар адам өзінің табиғаты бойынша бостандықтан ерікті түрде бас тартады, сөйтіп күнделікті тіршілігімен айналысуға бейім тұрады деп дәлелдейді. Адам үшін еріксіздік жағдайында өмір сүру әлдеқайда қолайлы да жеңіл, бостандыққа талпынудан гөрі тағайындалған төртіпке бой ұсыну пайдалы деп үйретеді экзистенциалистер.**

**Еркіндікті экзистенциалистер адамның іс-әрекетінің объективтік жағдайлардан мүлдем тәуелсіздігі мағынасында түсінеді. Адамның еріктілігін объективтік жағдайлардан, объективтік заңдылықтарды танып біліп, іс-әрекетте қолданудан байланыссыз қарастыра отырып, олар оны бос абстракцияға, ешнәрседен теуелсіз бассыздыққа, шегіне жеткен дарашылдыққа айналдырады. Адамның еркіндігі мен жауапкершілігін бұлайша түсіну еңбекшілерге өздерінің таптық күресінде дұрыс бағыт беру былай тұрсын, қайта олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, тарихи процестегі орны мен рөлін дұрыс анықтауына кедергі болады.**



**Демек, экзистенциализмнің үйретуінше, адамның міндеті дүниені өзгертуде емес, керісінше, өзінің дүниеге деген қатынасын, көзқарасын өзгертуде. Әңгіменің төркіні мынада: өмір сүру деп экзистенциалистер ең алдымен адамның рухани болмысын, санасын түсінеді. "Өмір сүру дегеніміз сана, — дейді К.Ясперс, — мен де сана түрінде өмір сүремін... Өмір сүруді талдау — демек, сананы талдау". Қазіргі заманғы экзистенциализмді дүниеге көзқарас системасы ретінде (оның жеке өкілдерінің діни немесе атеистік бағыттарына қарамастан) апат психологиясынсыз, дағдарыс сезімінсіз түсіну мүмкін емес.**

**Қорқыныш — экзистенциализм-философиясының басты бір ұғымы. Болашаққа сенімсіздік, ертеңгі күннен, жұмыссыздықтан үрейлену, капиталист пен полицей алдындағы қорқыныш және т.б. — экзистенциализм философиясының шын әлеуметтік және психологиялық түп-тамырлары міне осылар. Экзистенциалистер бұл дағдарыстан шығудың жолын қоғамдық қатынастарды өзгертуден іздемей, адамдардың жеке басының тіршілігінен, адамдардың қарым-қатынасының шеңберін тарылтудан т.б. іздейді. Ал діни экзистенциалистер бұл жолды құдайға „жалбарынудан" іздеуді ұсынады.**

**Экзистенциализмді бір жақты ғана түсіндіру дұрыс болмас еді, өйткені бұл өзі аса күрделі де іштей қайшылықты философиялық ағым. Оның жеке өкілдерінің әлеуметтік-саяси көзқарастары да бірдей емес. Мәселен, Сартр мен Камю Францияны неміс фашистері басып алған кезде жауға Қарсыласу қозғалысына қатысты; ал 60-жылдардың аяғынан бастап солшыл радикализмді және экстремизмді жақтаушы болды. Ясперс пен Марсельдің саяси бағыты либералдық сипатта болса, Хайдаггердің әлеуметтік-саяси көзқарасына айқын кертартпалық сипат тән еді. Мұның бәрі, қысқасы, экзистенциализм қазіргі заманғы буржуазиялық қоғамның рухани қайшылықтарының көрінісі болып табылатынын көрсетеді.**

# *Персонализм*

**Персонализм дін мен ғылымды байланыстырады**

**Неотомизм кейінгі кездерде терең дағдарысқа ұшырады. Ол өзінің алдына қойған міндеттерін ойдағыдай орындай алмайтындай дәрежеге жетті. Сол себепті діни философияның ішінен басқа философиялық ағымдар шыға бастады. Солардың бірі ретінде персонализм деген теистік антропологиялық ілім пайда болды. Ол ХХ ғасырдың 30-жылдарында ұсақ буржуазиялық топтардың қоғам өмірінде адамдық қатынастардың құлдырауына наразылық білдіруінің нәтижесі ретінде туды. Персонализм Англия мен Америкада кеңінен тарады. Оның өкілдері Х.У.Керр (1857-1931), Р.Т.Флюэллинг (1871-1960), Э.Ш.Брайтмен (1884-1953), В.Штерн (1871-1938) және т.б. Персоналистер адамды дүниенің субстанциясы санай отырып, оны екі түрғыдан талдайды: табиғаттан тыс, тәжірибеден тысқары, рухани түрғыда (адам-тұлға) және материалдық, тәжірибелік (жеке-дара адам) түрғыда. Адам — тұлға, өйткені ол өздігінше қызмет етсді, оның ерікті де ақыл-парасатты рухани бастамасы бар. Адам — тұлға, өйткені ол рухани болмыс ретінде өмір сүре алады. Мұның мөні сол, тұлға дін белгілеп берген адамдық белгілердің жиынтығын құрады — бұл адам денссінде әрекет ететін „жан“. Ал енді жеке адамға келсек, ол материяның өншейін жай бөлігі, оның психикалық тіршілігі бар, қоғамның жай бөлігі.**

**Түбінде өлетін ол бүкіл іс-әрекетін тұрмыс қажетін өтеуге жұмсайды. Табиғат пен қоғамның бір белгісі ретінде жеке адам қоғам заңдылықтарына да, табиғат заңдылықтарына да бағынады. Жеке адам қоғамға, мемлекетке бағынады, ал тұлға-адам қоғамнан жоғары тұрады да тек құдайға бағынады. Персоналистердің пікірінше, дүниені танып білуге болады, өйткені оны жаратқан тұлға. Жасампаз тұлғалар бірдей болмайтындықтан, олар өздеріне іс жүзінде керекті заттар мен құбылыстарды ғана жаратады. Адамның дүние танымы шексіз, сондықтан ол, персоналистердің ілімі бойынша, өзіне теуелді нерселердің бәрін танып біле алады, бірақ жоғарғы рухани тұлға жаратқанның бәрін бірдей танып біле алмайды. Атап айтқанда, адам дүниенің мәні неде екенін, оның дамуының негізінде қандай мақсаттар жатқанын т.б. танып біле алмайды. Бұдан шығатын қорытынды: дүние жайында толық білім алу үшін ғылымда жүзеге асатын адамдық таным процесі жеткіліксіз, сондықтан дүниенің мәнін танып білудің басқа жолы қажет. Танымның ол басқа жолын дін көрсетеді. Бұдан діннің қажеттігі келіп шығады, өйткені адамды жоғарғы, құдай идеясымен қосатын, сөйтіп болмыстың сырын ашып беретін сол дін. Діннің қажеттілігін, оның ғылыммен қарым-қатынасын персоналистер міне осылайша негіздейді. Олардың пікірінше, ғылым мен дін тек үйлесімді ғана емес, сонымен бірге бірін-бірі толықтырады. Ғылым заттар мен құбылыстар туралы білім береді, дін — болмыстың түпкі себептерін білдіреді.**

**Дін мен ғылымның қарым-қатынасын осылайша түсіну, персоналистердің пікірінше, бір жағынан, діннің үстемдігін нығайтуға көмектеседі, екінші жағынан, дамушы ғылымның жетістіктерін мойындауға міндеттейді. Діннің қажеттігін қорғай отырып, персоналистер оны адамдардың қоғамдағы жағдайын жеңілдетудің, жақсартудың бірден-бір құралы деп дәріптейді. Адам өмірінде болатын бақытсыздық, мұқтаждықтың бәрінің себебі қоғамдық қатынастар, қоғамдық үстем жеке меншіктер емес, адамның рухани өміріндегі қайшылықтар дейді олар. Егер адам түрліше езгі, қанауды, мұқтаждықты бастан кешірсе, онда олар оның рухани табиғатының (жанының) жетілмегендігін көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды: өзінің өмірін жақсарту үшін адам өзін рухани, адамгершілік жағынан жетілдіруі тиіс, ал мұны қамтамасыз ететін — дін. Персонализм философиясының ғылымға жат екені, оның үстем таптардың мүддесін қорғайтыны айдан анық. Бұл философия еңбекші халықтың санасын дінмен уландырып, қанау мен қайғы-қасіреттің шын себептерін бүркемелеп қоюға тырысады.**



Абай Құнанбайұлы

**Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы (1845-1904) — ақын, жазушы, қоғам қайраткері, қазіргі қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай 10 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірінен туған. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Өскенбайұлы Құнанбай өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. Патша өкіметі ХІХ ғасырдың ортасындағы бір сайлауда оны Қарқаралы ауданының аға сұлтандығына бекіткен. Шешесі ұлжан орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлық, әзіл әжуамен аты шыққан шаншарлардың қызы «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді. Осындай текті ортадан шыққан Құнанбай мен Ұлжаннан туған төрт ұлдың бірі Абай жастайынан ақ ерекше қабілетімен, ақылдылығымен көзге түседі. Балаға сыншы әкесі осы баласынан қатты үйт етеді. Сондықтан да ол абайды медреседе төрт жыл оқығаннан кейін, оқудан шығарып алып, қасында ұстап, ел басқару ісіне баули бастайды.**





**Жүрегіңнің  
түбіне терең  
бойла,  
Мен бір  
жұмбақ  
адаммын,  
оны да ойла.**

**Абайдың «өмір» мен «өлім», «жан» мен «тән» туралы түсініктері де діни қағидалардан басқаша. Абайдың айтуынша өмір дегеніміз тіршілік, ғұмыр сүру, алланың адамға берген сыйлығы, тартуы. Өмір уақытша нәрсе, өмір үнемі өзгерісте болады, ал алла мәңгі.**

**«Күллі мақлұқ өзгерер, алла өзгермес,  
Әһли кітап бұл сөзді бекер демес.  
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен  
Бос сөзбенен қастаспай түзу келмес»**

**Абай түсінігінде Алла тағала - құдіреті күшті құдай, алла тағала - өлшеусіз, адамдардың ақылы - өлшеулі. Алла тағала біз сияқты көзбен көрмейді, құлақпен естімейді, Алла көңілмен көреді, көңілмен естиді. Ақынның «өмір» мен «өлім», «жан» мен «тән» туралы түсінігі діни танымнан бөлек. Діни түсінікте адам жан мен тәннен тұрады, тән өледі, жан мәңгі өлмейді, күнәсіз, иманды адамның жаны жұмаққа барып, рақат дүниесіне бөленеді, ал күнәға батқан имансыз пенденің жаны тозаққа барып, азап шегеді, бейнет кереміс. Абай бұл мәселені басқаша түсінеді:**

*Өлсе өлер табиғат, адам өлмес.  
Ол бірақ қайтіп келіп ойнап – күлмес.  
Мені мен, менікінің айырылғанын,  
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.*

*Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы.  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.*

дейді. Бұл жерде рухы бар адамзат өлмейді, тек білмейтін кісі ғана тәннен жанның бөлінгенін елу цеп есептейді деген ой айтылған. Абайдың түсінігінше «мені» мен «менікінің» екі түрлі мағынасы бар. «Менікі» дегеніміз адамның денесі, ал «мен» - дененің рухани жемісі, өзі өлгенде артта қалдырған ісі, өнері, еңбегі. «Менікі» -дене - өледі, «менен» айрылады, ал «мен» - адамзаттың рухани жемісі - артында қалдырған игілікті ісі, енері ұрпақтан ұрпаққа ауыса береді, мұра, мирас болып қала бермек.



**Қорқыт Ата**

**Қорқыт Ата – түрік халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қорқыт Ата өмірде ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қорқыт Атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әр түрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт Ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде 10 ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин “Жамиғ Ат-Тауарих” атты тарихи шежіресінде Қорқыт Атаны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының “Түрік шежіресінде” оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде Қорқыт атаның зираты болғанын Ә.Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қорқыт ата 11 ғасырдың басында дүниеден өткен делінсе, Ә.Марғұланның еңбектерінде ол 7 – 8 ғасыр аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады. Қазақ философиясы тарихында Қорқыт Ата– ел бірлігін нығайтқан кеменгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қорқыт Ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Түркі халықтарының фольклорындағы Қорқыт Ата туралы аңыз әңгімелердің бірі оның туылуына байланысты**

**Қорқыттың аты түрік тектес халықтар арасында әртүрлі аңыздар арқылы жақсы танымал. Қазақ аңызы бойынша Қорқыт - әуен әннің атасы, аңыз - адам, сыбызғы киесі. Аңыз бойынша Қорқыт жастайынан адам өмірінің сонша қысқалығына налып, қашсаң құтылмас ажалға қарсы күрескісі келеді. Өз ойын іске асыру үшін және мәңгілік өмір туралы арман қуған Қорқыт адамдар ортасынан кетеді, бірақ, қайда барса да, оның алдынан көр, өлім шығады: ормандағы құлап, шіріп жатқан ағаш та, даладағы қураған шөп те, тау да, тас та -барлығы Қорқытты өлім күтіп тұрғандығынан хабардар етеді. "Қайда барсаң да -Қорқыттың көрі" деген халық мәтелі осыдан қалған. Мұны тығырыққа тірелгенде, бір нәрсеге жолы болмағанда қолданады. Қорқыт жан - дүниесінің күйзелгенін басу үшін шырғай ағашынан алғашқы қобыз жасайды да, оған шек тартып, азапқа толы ойы мен сезімі осы сыбызғы арқылы шертеді. Жыршының жан дүниесінен өрілген осы сыбызғы сазы бүкіл әлемге таралды, кереннің құлағына жетті, -дейді аңыз. Сол ықылым заманнан бері Қорқыт әуені мен қобызы - оның көзіндей, киесіндей халық жүрегінде жасап келеді.**



**«Өлген кісі тірілмес, өткен қайтып келмес», - дейді абыз өзінің сөзінде. Иә, өткенді қадірлеуге, одан сабақ алуға болады, бірақ оған қайтып оралу жоқ екен, тек ілгері ұмтылу қажет. Осы қарапайым айтылған кемел ойды келешегіне үлкен бағдар белгілеп, әлемдік өркениет көшіне ілесіп, Орталық Азияның Барысы болуға бекем бел байлап отырған бәріміз де мұқият зерделесек болады.**

**Аңыз бойынша Қорқыт бабамыз артына адамның өлімнен қашып құтылмайтындығы, оның ғұмырын жарық дүниеде бітіріп кеткен жасампаздық ісі мен өшпес өнері ғана жалғастыра алатындығы туралы данышпандық пәлсапалық байлам қалдырды. Осы ғаламат ой әрбір саналы жанның ғұмыр бойы темірқазық етіп ұстар бағдаршамы болуға лайық десек, қателеспейміз...»(67,1).**

**«Қорқыт ата кітабы» - түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық әрі тарихи мұра. Қорқыт ата хикаясы - VII-VIII ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққатараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдеби, тарихи, этнографиялық, т. б. мәнін жоймаған, аса құнды көркем туынды.**

Қорқыт Ата өлімнен қашып, бүкіл ғарышты аралайды. Түсінен шошынған ол ажалдан құтылу үшін ертеңіне дүниенің екінші шетіне көшіп кетеді. Мұнда ол баяғы түсті тағы көреді. Таң атысымен тағы да жолға шығады. Не істерін білмей, жердің ортасына бармақ болады. Жер ортасы Сырдың жағасы, қазіргі Қорқыт моласы тұрған тұс екен. [М.Әуезов](#): “ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт Ата жұрттан безіп, айдалаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып, шырғайдан алғашқы қобызды жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтіп өлмеудің амалын өнерден табады”, – деп жазады. Қазақ аңызындағы Қорқыт Ата бейнесі енді өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір үшін күрескен, өлімнен құтылуды қандай бір құдіретті күштен емес, өнерден іздеген, ажалмен айқасқан алып рухани тұлға болып көрінеді. Зерттеушілер өлімнен қашқан Қорқыт Ата философиясын әйгілі шумер эпосы “Гильгамеш туралы жырдағы” Гильгамеш әрекетімен салыстырады. М.Әуезов Қорқыт аңызын адамзатқа от ұрлап әкеліп сыйлаған [Прометей](#) туралы [грек](#) аңызымен теңестіреді. Тарихи деректер мен ғылыми пайымдауларды түйіндей келе, Қорқыт Атаны исламды әлі толық қабылдамаған түркі тайпаларының мәдени рәмізі деп қарастыруға болады. Аңыз әңгімелерде Қорқыт Ата өзінің желмаясына мініп, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін жерұйықты іздеген данагөй [ойшыл](#). Зерттеуші Е.Тұрсыновтың түсіндіруі бойынша, бұл жердегі [желмая](#) қобыздың рәміздік бейнесі болып табылады. Өйткені ол мәңгілік өмірді қобыздың сарынынан табады. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпақтарына өлмес күйлерін қалдырады. Қорқыт Ата жырларының философиялық мән-мағынасының алтын дiңгегі – әлемді, табиғат заңдарын көркемдік таным тұрғысынан игеру. Оның өмір сүйгіштік дүниетанымы күнделікті күйкі тірліктің шеңберінен шыға білу және адамзат үшін әрбір тіршілік сәтінің құнды екенін ескерту, қайталанбас уақытты қадірлеуге шақыру, сол арқылы өмірді мәңгілік ету идеясы Қорқыт философиясының іргетасын құрайды.



**Асан Қайғы Сәбитұлы**  
**(14 ғасырдың ақыры - 15 ғасырдың басы)**

***Асан Қайғының философиялық дүниетанымы үш бағытқа бөлінеді:***

**1) этикалық дүниетаным ? ұлы жыраудың философиялық ойларының өзегін құрайды. Адам, адамшылықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары имандылық деңгейінде қарастырылған. Поэтикалық формамен берілген этикалық ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс өркениетіне тән ерекшеліктермен сабақтастық тауып, адамгершіліктің алуан қырлы болмысын айқындайды;**

**2) поэтикалық зерде және философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін жырау өз толғаулары арқылы толық дәлелдеп берді. Адам өмірінің мәні, мақсаты, өлімнің растығы, қоршаған дүниені тану мәселелері Асан Қайғы философиясының басты бағыттары;**

**3) Асан Қайғы гуманизмі, адамға деген сүйіспешпілігі тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған.**

**Ноғай, өзбек, түрікмен, қырғыз, карақалпақ халықтары арасында Асан Қайғы есімі ілтипатпен аталып, құрмет тұтылады. Оның ақындық ойы мен жыраулық философиясы өзінің танымдық күдіреттілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында Асан Қайғы есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына айналдырды. Ел ауызындағы аңыздарға қарағанда Асан қайғы халық қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге дәулескер күйші де болған. Көптеген күйлерінің аты мен аңыз әңгімесі де әлі күнге дейін айтылады. Ал, бүгінгі күнге «Ел айрылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сияқты санаулы күйлері ғана жеткен. «Ел айрылған» күйін Ғұбайдолла Мұхитовтың тартуында алғаш рет А.Затаевич нотаға түсірген. Сондай-ақ, толық нұсқасын 1964 жылы Мұқас Құсайыновтың тартуында Т. Мерғалиев нотаға түсірген.**

Өзінен соңғы ұрпақ әулие танып, «Асан Ата» атандырған ақын жайлы әрқилы мазмұн, әр түрлі сипаттағы әңгімелер халық арасына кең тараған. Асан Қайғы төңірегіндегі аңыздар негізінен үш жүйеге (Асанның алғаш танылуы, қайғы атануы, «Жерұйықты» іздеуі) бөлінеді. Бұлардың ішіндегі ең тандаулысы — Асан Қайғының «Жерұйықты» іздеуі жайлы аңыз. Асан Қайғы елдің көшіп отырған тұрмысына қанағаттанбайды, мекен еткен қоныстарын жерсінбейді, халқының болашағын ойлап қамығады. Оның ойынша жер үстінде адамзат тіршілігінде көруі мүмкін ұрмақ бар, аты — «Жерұйық». Бұл — елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін, шөбі шүйгін, суы мол қоныс. Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тіршілік кешеді, ел аласы, ру таласы жоқ. Малға жай, елге ырыс осындай мекен барын ғайыптан болжап білген Асан Қайғы енді сол жерді іздеп табу үшін желмаяға мініп, төңіректің төртбұрышын кезеді. Жолында кездескен тау, өзен, шұрайлы жерлерге, халыққа пайдалы жағын есептеп, тиісті баға беріп отырады. Ақыры таба алмай, өксіп кеп, Ұлытаудың басына жеткенде дүниеден кешеді. Аңыз — қазақ халқының бақытты тұрмыс, сәулетті болашақ туралы армандарының жемісі. Сонымен қатар бұл — Асан Қайғының бақыт мекені «Жерұйық» жайлы утопиялық шығармасының ауыздан-ауызға көше келе өзгерістерге түсіп, аңызға айналып кеткен нұсқасы деп шамалауға да негіз бар.

**Қорыта айтсақ, ХХ ғасыр философиясы ғасырдың айнасы, оның өзі сияқты сан қырлы, бір-біріне қарама-қарсы бағыттарға толы болды деуге болады. Бірақ басты мәселелер – жеке адам, оның болмысының ерекшеліктері, ақыл-ойдан адамның сезіміне көбірек үңілу және бүкіл адамзаттың болашағы мәселелерін зерттеу болды десек, қателеспейміз.**

# *Пайдаланылған әдебиеттер:*

- 1 Алтаев Ж. Философия және мәдениеттану: оқу құралы – 2-ші басылымы – А.: 2001*
- 2 Тұрғынбаев Ә.Х. Философия тарихы – А.: 2001*
- 3 Қысқаша философия тарихы – А.: 1999*
- 4 Google.kz*
- 5 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009*



**Көңіл қойып  
тыңдағандарыңызға  
КӨП РАХМЕТ!**